

**Азаматтық хал актілерін тіркеу саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарын және тексеру парағын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 26 қыркүйектегі № 688 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 28 қыркүйектегі № 169 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 30 қыркүйекте № 33488 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 5-тармағына және 143-бабының 1-тармағына сәйкес, БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес азаматтық хал актілерін тіркеу саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес азаматтық хал актілерін тіркеуді жүзеге асыратын азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді және азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуге байланысты мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің басқа да түрлерін жүзеге асыратын "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының филиалдары (тіркеуші органдардың) қызметін тексеру парағы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және ресми жариялауды;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі

А. Куантыров

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі

А. Ескараев

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика

және арнайы есепке алу
жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі
2023 жылғы 28 қыркүйектегі
№ 169 мен
Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2023 жылғы 26 қыркүйектегі
№ 688 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Азаматтық хал актілерін тіркеу саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Азаматтық хал актілерін тіркеу саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі (бұдан әрі - Кодекс) 141-бабының 5 және 6 – тармақтарына, "Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) бекітілген Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларына, "Тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) сәйкес әзірленген.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;
- 2) деректерді қалыпқа келтіру – әртүрлі шәкілдерде өлшенген мәндерді шартты түрде жалпы шәкілге келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;
- 3) тәуекел – бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде адам өміріне немесе денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;
- 4) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау субъектісі (объектісі)

үшін тәуекел деңгейін өзгертуге бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау және (немесе) осындай бақылау субъектісін (объектісін) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан босату процесі;

5) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

6) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау субъектісінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің әртүрлі дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

7) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

8) тексеру парағы – бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптар тізбесі;

9) іріктеме жиынтық (іріктеме) – Кодекстің 143-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік бақылау нақты саласында бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын бағаланатын субъектілердің (объектілердің) тізбесі.

2-тарау. Бақылау субъектілерінің (объектілерінің) талаптарға сәйкестігіне тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу кезінде тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру тәртібі

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін бақылау субъектілерін (объектілерін) профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары бірнеше кезеңмен жүзеге асырылатын объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау (шешімдерді мультиөлшемшартты талдау) арқылы қалыптастырылады.

Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің орташа дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты бару арқылы профилактикалық бақылау, жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

4. Ықтимал тәуекел мен проблеманың маңыздылығына, бұзушылықтың біржолғы немесе жүйелі сипатына, әрбір ақпарат көзі бойынша бұрын қабылданған шешімдерді

талдауға байланысты бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын талаптар өрескел, елеулі және болмашы бұзушылық дәрежелеріне сәйкес келеді.

5. Бақылау субъектілерінің (объектілерінің) профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады.

1-параграф. Объективті өлшемшарттар

6. Объективті өлшемшарттарды анықтау тәуекелді анықтау арқылы жүзеге асырылады.

7. Объективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілері (объектілері) азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының филиалдары орташа тәуекел дәрежесіне жатады.

2-параграф. Субъективті өлшемшарттар

8. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

- 1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;
- 2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

9. Деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау бақылау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін қажет.

Ақпаратты жинау және өңдеу процестері толық көлемде автоматтандырылады және алынған деректердің дұрыстығын тексеруге мүмкіндік береді.

Тәуекел дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері, оның ішінде "АХАЖ" тіркеу пункті" ақпараттық жүйесі арқылы (бұдан әрі – АХАЖ АЖ);

2) алдыңғы тексерулер мен бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері;

10. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде азаматтық хал актілерін тіркеу саласындағы уәкілетті орган талдауға және бағалауға жататын субъективті өлшемшарттарды осы Өлшемшарттарға 1-қосымшаға сәйкес қалыптастырады.

11. Субъективті критерийлерді талдау және бағалау бақылау субъектісінің (объектісінің) неғұрлым ықтимал тәуекелі бар бақылау субъектісінің (объектісінің) профилактикалық бақылауын шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Талдау және бағалау кезінде белгілі бір бақылау объектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және қолданылатын субъективті критерийлер туралы деректер

немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шектеу мерзімі аяқталған деректер қолданылмайды.

Алдыңғы жүргізілген бару арқылы профилактикалық бақылаудың қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау субъектілеріне қатысты оларды мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне кестелер мен тізімдерді қалыптастыру кезінде енгізуге жол берілмейді.

12. Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығын және осы Қағидалардың 3-тарауында айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес субъективті өлшемшарттар көрсеткішінің маңыздылығын негізге ала отырып, субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

3-параграф. Бағалау жүйесін қалыптастыру ерекшеліктері және тәуекелдерді басқару

13. Тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің нақты дәрежелеріне жатқызатын және бақылау іс-шараларын жүргізу кестелерін немесе тізімдерін қалыптастыратын АХАЖ АЖ және басқа да ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жүргізіледі, сондай-ақ мемлекеттік статистикаға, ведомстволық статистикалық байқаудың қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық құралдарға негізделеді.

Азаматтық хал актілерін тіркеу саласындағы субъектілерге қойылатын талаптардың бұзылу дәрежесі осы Өлшемшарттарға 1-қосымшасында келтірілген.

3-тарау. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін есептеу тәртібі

14. Бақылау субъектісін осы Өлшемшарттардың 4-тармағына сәйкес тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Азаматтық хал актілерін тіркеу саласында уәкілетті орган бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізуге байланысты осы Өлшемшарттардың 10 немесе 11-тармақтарына сәйкес көздерден ақпарат жинайды және субъективті өлшемшарттар бойынша деректер базасын қалыптастырады.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулер мен бақылау (SP) субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша осы Өлшемшарттардың (SC) субъективті өлшемшарттарға сәйкес бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін қорытындылау жолымен, деректер мәндерін 0-ден 100 баллға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіре отырып, автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

$R_{\text{арал}} = SP + SC$, мұнда

Рарал – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші,

SC – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есеп мемлекеттік бақылаудың әрбір саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының әрбір бақылау субъектісі (объектісі) бойынша жүргізіледі. Бұл ретте мемлекеттік бақылаудың бір саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын, бағаланатын бақылау субъектілерінің (объектілерінің) тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктеу жиынтығын (іріктемені) құрайды.

15. Алдыңғы тексерулер мен бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша алынған деректер бойынша 0-ден 100-ге дейінгі баллмен бағаланатын бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қалыптастырылады.

16. Осы Өлшемшарттардың 11-тармағында көрсетілген ақпарат көздерінің кез келгені бойынша бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне 100 балл тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған кезде бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткішпен есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7$, мұнда

SP₃ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP₁ – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP₂ – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$SP_n = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3$, мұнда

SP_n – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP₁ – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP₂ – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$SP = SP_3 + SP_n$, мұнда

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші;

SPз – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SPн – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

17. Осы Өлшемшарттардың 12-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0-ден 100 балға дейінгі шәкіл бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^n x_i * w_i, \text{ мұнда}$$

x_i - субъективті өлшемшарт көрсеткіші,

w_i - субъективті өлшем көрсеткішінің үлес салмағы x_i

n – көрсеткіштер саны.

Осы Өлшемшарттардың 12-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

18. R көрсеткіші бойынша субъектілер (объектілер) бойынша есептелген мәндер 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формула әдісін пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{\text{пром}} - R_{\text{min}}}{R_{\text{max}} - R_{\text{min}}},$$

R – бақылау жеке субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды),

R_{max} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең жоғарғы ықтимал мән (шәкілдің жоғарғы шекарасы),

R_{min} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең төменгі ықтимал мән (шәкілдің төменгі шекарасы),

$R_{\text{арал}}$ – осы Өлшемшарттардың есептелген субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

4-тарау. Тексеру парақтары

19. Тексеру парақтары бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті топтары үшін жасалады және Кодекстің 132-бабының 2-тармағына сәйкес талаптарды қамтиды және Кодекстің 143-бабының 2-тармағында айқындалған шарттарды сақтай отырып жүргізіледі.

20. Тексеру парақтары осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

Азаматтық хал актілерін тіркеу
саласындағы тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
1–қосымша

Азаматтық хал актілерін тіркеу саласындағы бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қойылатын бұзушылық дәрежесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 24.09.2025 № 519 және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 25.09.2025 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

№	Азаматтық хал актілерін тіркеу саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары	Бұзушылық дәрежесі
1	Баланың тууын мемлекеттік тіркеуді туу туралы медициналық куәлік немесе туу фактісін анықтау туралы сот шешімінің көшірмесі негізінде жүзеге асыру	Өрескел
2	Туу туралы акт жазбасында баланың туылған жері деп баланың тууын мемлекеттік тіркеу кезінде қабылданған Қазақстан Республикасы әкімшілік-аумақтық бірлігінің атауына сәйкес баланың нақты туылған жерінің атауы (Қазақстан Республикасынан тыс жерде, экспедицияларда және тіркеуші органы жоқ шалғай жерлерде, сондай-ақ анасының теңіз, өзен, әуе кемесінде немесе поезда болған уақытында туған балаларды қоспағанда)	Елеулі
3	Баланың тууын мемлекеттік тіркеуді ата-анасы немесе олардың біреуі, ал олар қайтыс болған, науқастанған немесе өзге де себептермен өтініш жасау мүмкін болмаған жағдайда –	Елеулі

	мүдделі адамдар немесе бала туған кезде анасы жатқан медициналық ұйымның әкімшілігінің өтініші бойынша жүзеге асыру	
4	Баланың тууын мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын немесе уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар өз мәртебесіне сәйкес келетін жеке басын куәландыратын құжаттарын, оның мәтінінің нотариат куәландырған мемлекеттік немесе орыс тілінде аудармасын ұсынылған кезде жүзеге асыру	Өрескел
5	Некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) кезде бойға біткен және әкесі қайтыс болғаннан кейін немесе неке (ерлі-зайыптылық) бұзылғаннан кейін не неке (ерлі-зайыптылық) жарамсыз деп танылғаннан кейін туған баланың тууын мемлекеттік тіркеу, егер баланың әкесі қайтыс болған немесе неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған не ол жарамсыз деп танылған күннен бастап екі жүз сексен күннен аспаса, жалпы негізде жүзеге асыру	Өрескел
6	Тууды тіркеу туралы жазбаға неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған, ол бала туғаннан кейін жарамсыз деп танылған кезден бастап екі жүз сексен күн асқаннан кейін анасының бұрынғы жұбайын, баланың әкесі етіп, әке болуды анықтау негізінде жазу	Өрескел
7	Туу туралы акт жазбасында босанған әйелдің жұбайы болып табылмайтын адамды жазбаша мойындаған жағдайда және оның күйеуінің жазбаша келісімі болған жағдайда әке болуды анықтау және тууды тіркеу кезінде баланың әкесі етіп жазу	Өрескел
8	Баланың тууын мемлекеттік тіркеу кезінде, егер баланың ата-анасы бір-бірімен некеде тұрмаса (ерлі-зайыпты болмаса), баланың тууын мемлекеттік тіркеумен бір мезгілде әкесі белгілі болған және	Өрескел

	тіркелген жағдайда, әке болуды анықтау негізінде баланың әкесі етіп жазу	
9	Тууды жазу кітабында баланың әкесінің тегін анасының тегі бойынша, баланың аты мен әкесінің аты оның көрсетуі бойынша жазу, егер әкесі анықталмаса, некеде тұрмаған (ерлі-зайыпты болмаған) анасының өтініші бойынша жүзеге асыру	Елеулі
10	Баланың әкесі туралы мәліметтерге түзетулерді некеде тұрмаған ананың өтініші бойынша енгізу	Елеулі
11	Баланың тууын тіркеу туралы акт жазбасында ата-анасының қай ұлтқа жататынын Қазақстан Республикасы азаматтарының ұлтын Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке басын куәландыратын құжаттарында, шетелдік ұлтын оның шетелдік төлқұжатында көрсетілген (шетелдіктің шетелдік төлқұжатында ұлты туралы мәлімет болмаған кезде оның ұлты өзі азаматы болып табылатын шет мемлекеттің құзыретті органы берген құжатқа сәйкес айқындалуы мүмкін) ұлтына сәйкес көрсету	Елеулі
12	Тууды мемлекеттік тіркеу кезінде баланың тегін ата-аналарының тегі бойынша, ата-аналарының тегі әртүрлі болған кезде балаға ата-анасының келісімі бойынша әкесінің немесе анасының тегін не баланың тегі ұлттық дәстүрлер ескеріле отырып, баланың әкесінің немесе атасының атымен жазу	Өрескел
13	Азаматтардың ниеті бойынша ұлты қазақ адамдардың тегі мен әкесінің атын жазуда қазақ тіліне тән емес аффикстерді алып тастап, ал олардың орнына әкесінің атына : -ұлы, -қызы деген сөздер қосып жазу	Елеулі
14	Жеке тұлғаның тегіне "тегі", "ұрпағы", "немересі", "шөбересі", "келіні" деген және басқа да сөздерді қосып жазуға жол бермеу	Өрескел

15	Ата-аналардың тілегі бойынша баланың тегін, атын және әкесінің атын олардың ұлттық ерекшеліктеріне сәйкес жазу	Елеулі
16	Тауып алынған, тастанды (бас тартылған) баланың тууы ішкі істер органдарының, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның, білім беру ұйымдары әкімшілігінің немесе бала орналастырылған медициналық ұйымның өтініші бойынша тауып алынған, бас тартылған немесе қалдырылған күннен бастап жеті тәуліктен кешіктірілмей мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру	Елеулі
17	Тауып алынған, тастанды (бас тартылған) баланың тууын бала тауып алынған кездегі уақыт, орын және мән-жайлар көрсетіле отырып, ішкі істер органы немесе қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган жасаған хаттама немесе акт; тауып алынған баланың жасы мен жынысын растайтын медициналық ұйым берген құжат және басқа да бала туралы дербес мәліметтер қоса беріле отырып мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру	Елеулі
18	Өлі туған балаға және өмірінің алғашқы аптасында қайтыс болған балаға туу туралы куәлікті беруге жол бермеу	Елеулі
19	Бала өмірінің алғашқы аптасында қайтыс болған жағдайда оның тууын мемлекеттік тіркеу - туу туралы медициналық анықтаманың негізінде, ал қайтыс болған жағдайда перинатальдық қайтыс болуы туралы куәліктің негізінде баланың тууын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру	Елеулі
20	Бір жасқа толған және одан үлкен баланың тууын мемлекеттік тіркеу ата-аналардың немесе өзге де мүдделі адамдардың жазбаша өтініші бойынша баланың тууын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру	Елеулі

21	Кәмелетке толған адамның жазбаша өтініші бойынша тууды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру	Елеулі
22	Бір жасқа толған және одан асқан баланың тууын мемлекеттік тіркеуді тіркеуші органның қорытындысы негізінде жүзеге асыру	Елеулі
23	Ата-аналардың ниеті бойынша тіркеуші орган баланың тууын салтанатты жағдайда мемлекеттік тіркеуді өз үй-жайында не арнайы осыған арналған мемлекеттік неке сарайларында қамтамасыз ету	Болмашы
24	Әке болуды анықтауға байланысты баланың ата-анасының әке болуды анықтау туралы бірлескен өтініші, анасы қайтыс болған, анасы қайтыс болды деп жарияланған; анасы психикалық аурудың немесе ақыл-есі кемдігінің салдарынан әрекетке қабілетсіз деп танылған; анасы ата-ана құқықтарынан айырылған не шектелген; баланың анасының тұрғылықты жерін анықтау мүмкін болмаған жағдайларда баланың әкесінің өтініші; әке болуды анықтау туралы, сондай-ақ әке болуды тану фактісін және әке болу фактісін анықтау туралы сот шешімі негізінде туу туралы акт жазбасына өзгерту енгізуді жүзеге асыру	Өрескел
25	Әке болуды анықтауға байланысты туу туралы акт жазбасына өзгерістер енгізу және неке қиюды мемлекеттік тіркеу әрекетке қабілетті тұлғалардың өтініші бойынша жүзеге асыру	Өрескел
26	Баланың тууын мемлекеттік тіркеу және әке болуды анықтау кезінде өтінішті бір мезгілде берген кезде, туу туралы акт жазбасына әке туралы мәліметтерді жазу	Елеулі
	Кәмелетке толған адамдарға қатысты әке болуды анықтауға байланысты туу туралы акт жазбасына өзгерістер енгізуді – олардың жазбаша келісімімен ғана , ал егер ол әрекетке қабілетсіз деп	

27	танылса, оның қорғаншысының немесе қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның келісімімен жүзеге асыру	Елеулі
28	Неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеуді некеге отыру (ерлі-зайыпты болу) туралы бірлескен жазбаша өтініштің негізінде жүзеге асыру	Өрескел
29	Бір жынысты адамдардың, олардың біреуі болса да басқа тіркелген некеде (ерлі-зайыптылықта) тұратын адамдардың, жақын туыстардың, бала асырап алушылар мен асырап алынған балалардың, асырап алушылардың балалары мен асырап алынған балалардың, соттың заңдық күшіне енген шешімі бойынша олардың біреуі болса да психикалық ауруы немесе ақыл-есі кемдігі салдарынан әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдардың арасында неке қиюға (ерлі-зайыпты болуға) жол бермеу	Өрескел
30	Неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың ниеті бойынша Қазақстан Республикасының аумағындағы кез келген тіркеуші органда жүзеге асыру	Елеулі
31	Некені (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеуді некеге отыру (ерлі-зайыпты болу) туралы бірлескен өтініш берілгеннен кейінгі келесі жұмыс күнінен бастап есептелетін күнтізбелік он бесінші күні жүзеге асыру (дәлелді себептерді (жүктілік, баланың тууы, тараптардың бірінің өміріне тікелей қатер төнуі және басқа да ерекше мән-жайлар) қоспағанда)	Елеулі
	Неке қиюды (ерлі-зайыпты болу) мемлекеттік тіркеу кезінде, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын немесе шетелде уақытша болатын Қазақстан Республикасының азаматы жеке	

32	куәлігін не төлқұжатын; шетелде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматы - оның шетелде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматы ретінде есепке алынғаны туралы шетелдегі консулдық мекеменің белгісі бар Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжатын, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдік, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға арналған ықтиярхатын, Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдік Қазақстан Республикасының ішкі істер органы берген Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат ететін құжатын, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адам тұрғылықты жері бойынша тіркелгендігі туралы Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының белгісі бар азаматтығы жоқ адамның куәлігін, Қазақстан Республикасында уақытша болатын азаматтығы жоқ адам оның жеке басын куәландыратын, өзі тұратын елдің құзыретті органдары берген және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында белгіленген тәртіппен тіркелген құжатын ұсынғанда жүзеге асыру	Елеулі
33	Неке қиюды (ерлі-зайыпты болу) мемлекеттік тіркеуді басқа мемлекеттің аумағында тұрақты тұратын шетелдік, азаматтығы жоқ адам жеке басын куәландыратын құжаттардың мәтінінің нотариат куәландырған қазақ тіліндегі немесе орыс тіліндегі аудармасын ұсынған кезде жүзеге асыру	Өрескел
34	Еркектер мен әйелдер үшін он сегіз жас деп белгіленген неке (ерлі-зайыптылық) жасына жеткендердің және неке қиюын (ерлі-зайыпты болуын) мемлекеттік тіркеуді және қалыңдықтың жүкті болуы немесе ортақ бала туған кезде неке қию (	Өрескел

	ерлі-зайыпты болу) жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендетіп жүзеге асыру	
35	Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеуді кәмелетке толмаған азаматтарға қатысты (16-дан 18 жасқа дейін) белгіленген неке жасын азайту қажеттігін растайтын құжаттарды, неке (ерлі-зайыптылық) жасына толмаған адамдардың ата-аналарының не қамқоршыларының жазбаша келісімімен, олардың жеке басын куәландыратын құжаттары беріле отырып жүзеге асыру	Өрескел
36	Неке қиюды (ерлі-зайыпты болуын) мемлекеттік тіркеу кезінде некеге дейінгі тегін екінші жұбайының тегіне өзгертуге ниет білдірген жұбайға неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы акт жазбасында ортақ тек ретінде тандап алынған тегін көрсету	Елеулі
37	Неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы акт жазбасын жасаған кезде бұрынғы тектерінде қалуға ниет білдірген ерлі-зайыптылардың тектерін қалдыру	Елеулі
38	Неке қиюды (ерлі-зайыпты болуын) мемлекеттік тіркеу кезінде өзінің некеге дейінгі тегіне екінші жұбайының тегін қосып жазуға ниет білдірген жұбайға неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы акт жазбасында қосылатын тегі некеге дейінгі тегінен кейін сызықша арқылы жазу	Елеулі
39	Неке қиюды (ерлі-зайыпты болуын) мемлекеттік тіркеу кезінде, егер некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдар (адамдардың біреуі) ауыр науқастануы салдарынан немесе басқа да дәлелді себеп бойынша тіркеуші органға келе алмайтын жағдайда, неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу оның үйінде, медициналық немесе өзге де ұйымда некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын)	Елеулі

	адамдардың қатысуымен жүзеге асыру	
40	Неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу кезінде, тіркеуші органның лауазымды адамы некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) ниет білдіргені туралы берілген өтініштерді жария етеді, болашақ жұбайлардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді, келісімді және жұбайлардың таңдаған тегі туралы шешімді анықтайды, кедергінің жоқ екендігін анықтайды, мемлекет атынан неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы белгіленген үлгідегі куәлікті тапсырады	Елеулі
41	Неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу кезінде, неке қиюға (ерлі-зайыпты болуға) кедергі болмаған кезде азаматтық хал актілерін жазу кітабына некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың қолы қойылған және тіркеуші орган басшысының қолы қойылған және елтаңбалы мөрімен бекітілген неке (ерлі-зайыптылық) туралы жазба енгізеді	Елеулі
42	Неке қиюға (ерлі-зайыпты болуға) кедергі келтіретін мән-жайлардың бар екенін растайтын айғақтары болса, неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеуден бас тарту	Елеулі
43	Неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) салтанатты жағдайда мемлекеттік тіркеу некеге отыратындардың (ерлі-зайыпты болатындардың) ниеті бойынша тіркеуші органдардың арнайы жабдықталынған үй-жайларында не арнайы осыған арналған мемлекеттік неке сарайларында жүзеге асыру	Болмашы
